

«8D02208-Түркітану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Қайранбаева Назым Нургельдиевнаның «Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шаһ-и Мардан» қолжазбасының тілі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ШҚІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертанттың жұмысының тақырыбы Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасымен және Тәуелсіз Қазақстанның әдебиеті мен мәдениетін сақтау мен жаңғырту, насихаттау, сондай-ақ әлемдік қауымдастыққа таныту мақсатында жүзеге асырылып жатқан «Мәдени мұра», «Халық – тарих толқынында», «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы, «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламаларымен де, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» атты бағдарламасына да сәйкес келеді.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия 29 сәуір 2020 жылы мақұлдаған 2020-2023 жылдарға арналған ғылымды дамытудың басымдықтарына, атап айтқанда «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Зерттеу жұмысы ғылымға елеулі үлес қосады және маңыздылығы да жақсы ашылған. Жұмыста «Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шаһ-и Мардан» жазба ескерткіші Қазақстанда табылған қыпшақ нұсқасы ретінде тұңғыш рет қарастырылып, грамматикалық талдаулардан өткізілген. Қолжазбадағы түркі, араб-парсы сөздерінің қолданысына статистикалық зерттеу жүргізілген. Фонетикалық және морфологиялық ерекшеліктерге қатысты пайымдауларын салыстырмалы грамматика, лексикография салаларын зерттеуде пайдалануға болады. Лексикалық топтарға жасалған талдауды пәнаралық кешенді ғылымдарда қолдануға

		<p>болады. Зерттеу нәтижесінде қол жеткізген түйіндер мен қорытындылар нақтылығымен, ғылыми көзқарастарының тиянақтылығымен маңызды болып табылады.</p> <p>Ізденушінің жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары. Жұмысты жазу барысында ғылыми нәтижелерге жету үшін ізденуші тақырыпқа қажетті материалдарды жинап, жүйелеп, ғылыми талдаулар жасаған. «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасы түркі халықтарына ортақ, Қазақстанда табылған қыпшақ нұсқасы екенін ғылыми түрде тұжырымдап, нақты дәлелдермен айқындап берген.</p>
3.	<p>Өзі жазу принципі</p> <p>1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған</p>	<p>Ізденушінің жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары. Жұмысты жазу барысында ғылыми нәтижелерге жету үшін ізденуші тақырыпқа қажетті материалдарды жинап, жүйелеп, ғылыми талдаулар жасаған. «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасы түркі халықтарына ортақ, Қазақстанда табылған қыпшақ нұсқасы екенін ғылыми түрде тұжырымдап, нақты дәлелдермен айқындап берген.</p>
4.	<p>Ішкі бірлік принципі</p> <p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p> <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p> <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі негізделген. Ішкі бірлігі заңды түрде сақталған. Ізденушілік жұмысында диссертант діни қисса-дастандарды зерттеп, зерделей отырғанда ол жырларда қазақ халқының діни танымының каншалықты сақталғандығын, қазақ даласында ислам дінінің қалай таралғандығын байқауға болатынын айта келіп, түркі халықтарына ортақ мұра «Қисса-и Джанкнаме» діни дастанының фонетикалық, грамматикалық, лексикалық ерекшеліктеріне тоқталады. Өз тұжырымдары мен пікірлерін нақты мысалдармен көрсете отырып, Қазақстанда табылған жыр қыпшақ нұсқасы екенін дәлелдеуі жұмыстың өзектілігін айқындайды. Алынған нәтижелер бір-бірімен жүйелі байланыста қарастырылып, өзара сабақтастық сипаттарын берік сақтаған.</p> <p>Ізденушінің диссертациясының мазмұны тақырыбын толық ашады. Диссертацияның құрылымы анықтамалар тізімінен, кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.</p> <p>Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Атап айтқанда, зерттеудің мақсаты – «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасының материалы негізінде XX ғасырға дейінгі Орта Азия территориясындағы халықтардың тілдік жағдайын зерттеу, яғни ортағасыр түркі тілінің фонетикалық, лексикалық, морфологиялық сөзжасамдық сипатын анықтау, ғылыми теориялық тұрғыдан талдау. Осы мақсатқа жету үшін қойылған міндеттер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасының әртүрлі отандық және шетелдік сирек кітаптар қорларында және кітапхана мұрағаттарында сақталған нұсқаларын анықтау; - «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасының палеографиялық және кодикологиялық ерекшеліктерін айқындау; - «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасының орфографиялық-

		<p>фонетикалық жүйесін анықтау;</p> <ul style="list-style-type: none"> - қолжазба тіліне морфологиялық, сөзжасамдылық талдау жасау; - қолжазба тіліндегі түркі сөздерінің функционалдық ерекшеліктерін және семантикалық сипатын анықтау; - қолжазбаның лексикасындағы араб және парсы сөздерін тақырыптық топтарға жіктеу және үлес салмағын көрсету. <p>Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылысы бір-бірімен толық байланысқан, ішкі бірлігі айқын, ғылыми талдаулар мен тұжырымдар бір-бірімен логикалық тұрғыдан сабақтастықта берілген.</p>	<p>Диссертант ұсынған жаңа шешімдер дәлелді, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып, сыни талдаулар жасалған. Мысалы, диссертацияда деректанулық, палеографиялық, кодикологиялық, салыстырмалы-салғастырмалы талдаулар; лексика-семантикалық, графо-фонетикалық және грамматикалық талдаулар; транслитерациялау, сипаттамалық, салыстырмалы-тарихи, статистикалық талдаулар; лингвостатистиканың жаппай бақылау әдістері мен топтау, жинақтау, жіктеу тәсілдері кешенді түрде қолданылды. Ғылыми және тәжірибелік жағынан алғаш рет жүйеленіп, зерттеліп отырған тақырыптың әдебиеттеріне шолу жүргізіп, осы бағыттағы алдыңғы тұжырымдарды сыни тұрғыдан талдады.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген 	<p>Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қағидағтары толығымен жаңа болып табылады. Ізденуші зерттеу жұмысының алдына қойылған мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыру барысында төмендегідей жаңа нәтижелерге қол жеткізген:</p> <p>«Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасының барлық нұсқаларын өзара салыстыра келіп, Қазақстанда табылған нұсқаны алғаш рет қыпшақ қолжазбасы ретінде тану ұсынылды; «Қисса-и Джанкнаменің» қыпшақ қолжазбасына бірінші рет палеографиялық және кодикологиялық зерттеулер жүргізіліп, оның жазылу орны, көшірушілер мен қолданушылар ортасы анықталды; Тұңғыш рет қолжазба тіліне жан-жақты орфографиялық, фонетикалық, морфологиялық талдау жасалды; Қолжазба тілінде кездесетін түркі, араб және парсы сөздерінің қолданыс салалары бойынша тақырыптық топтарға бөлініп талдануы жана зерттеу екендігін дәлелдейді. Қолжазбадағы түркі, араб және парсы сөздерінің қолданысына статистикалық зерттеу жүргізіп, араб және парсы тілінің түркі әдеби тіліндегі ықпалының үлес-салмағы алғаш рет анықталған. Бұл да зерттеудің ғылыми жаңалығы бола алады; Қолжазба тілінде кездесетін</p>
5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар жаңа болып табыла ма?		<ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	

		<p>түркі сөздерінің оғыз және қыпшақ тілдік элементтерінің ерекшеліктері тұңғыш рет көрсетілген. Бұны да жұмыстың өзіндік жаңалығы деп тануға болады; Қолжазба мәтінінің транслитерациясы жасалған. Бірінші рет қолжазба тілінде кездесетін түркі сөздерінің әліпбилі-жиілік сөздігі құрастырылып, қолдану жиілігі анықталған. Бұл толық ғылыми жаңалық болып табылады.</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Зерттеу барысында айқындалған негізгі тұжырым: «Қисса-и Джанкнаме» шығармасы – түркі халықтарының ортақ мұрасы, Қазақстанда табылған нұсқа қыпшақ нұсқасы ретінде танылған; «Қисса-и Джанкнаме» шығармасының қазақстандық нұсқасы – хазіреті Әли туралы орта ғасырда жырланған «Салсал» («Қисса-и Салсал», «Салсал-наме») жырының прозалық жанрдағы үлгісі екенін және сол кездегі Қоқан хандығында қарасты Оңтүстік Қазақстан территориясында көшірілген қолжазба екені дәлелденген; «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасы қазақ тілі тарихында «кітаби тілі» деп қарастырылатын ортағасырлық түркі жазба тілінде жазылған әдеби ескерткіштердің бірі және діни қисса жанрындағы түркі әдеби тілінің даму кезеңін анықтайтын жазба дерек екендігі талдау арқылы айқындалған. «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасы оғыз және қыпшақ тілдерінің элементтерін өзіне жиган, сол дәуірдегі түркі тілдерінің сабақтастығын көрсететін лингвомәдени дерек екендігі сараланып талданған. Осы айтылған тұжырымдардың барлығы жұмыстың қорытынды нәтижелерінің жаңа екендігін көрсетеді.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Жұмыста ұсынылған барлық шешімдер жаңа, олар зерттеудің үш тарауында теориялық талдаулар мен нақты тілдік деректер арқылы негізделген.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Зерттеушінің барлық негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан сенімді дәлелдемелерге негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған	Әр қағидағ бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:	1-қағидағ. Алғаш рет «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасының әртүрлі отандық және шетелдік сирек кітаптар қорларында және кітапхана

	<p>негізгі қағидаттар</p>	<p>7.1 Қағидағ дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>мұрағаттарында сақталған 6 нұсқасы және А.Невгодтың жеке қорында сақталған қыпшақ нұсқасы анықталды. 7.1 Қағидағ дәлелденген (1). 7.2 Тривиалды емес (2) 7.3 Йә, жаңа (1) 7.4 Қолдану деңгейі кең (3) 7.5 жарияланған мақалада дәлелденген: - Хазірет Әли дастандарының Қазақстандағы нұсқалары // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Филология сериясы», №4 (74) 2020. 237-243 бб. (1). 2-қағидағ. «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасының тұңғыш рет палеографиялық және кодикологиялық ерекшеліктері айқындалды. 7.1 Қағидағ дәлелденген (1). 7.2 Тривиалды емес (2) 7.3 Йә, жаңа (1) 7.4 Қолдану деңгейі кең (3) 7.5 жарияланған мақалада дәлелденген: Kazak sözlü Geleneğinde Hz. Ali Cenknâmeleri // Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi / 101 (2022): p. 169-186. DOI: 10.34189/hbv.101.007 (квартиль – Q-2, процентиль – 42). Индекс.; Scopus Arts & Humanities (1). 3-қағидағ. «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасының орфографиялық-фонетикалық жүйесі бірінші рет анықталды. 7.1 Қағидағ дәлелденген (1). 7.2 Тривиалды емес (2) 7.3 Йә, жаңа (1) 7.4 Қолдану деңгейі кең (3) 7.5 жарияланған мақалада дәлелденген: Kazak sözlü Geleneğinde Hz. Ali Cenknâmeleri // Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi / 101 (2022): p. 169-186. DOI: 10.34189/hbv.101.007 (квартиль – Q-2, процентиль – 42). Индекс.; Scopus Arts & Humanities (1). 4-қағидағ. Қолжазба тіліне морфологиялық, сөзжасамдылық талдау алғаш рет жасалды. 7.1 Қағидағ дәлелденген (1). 7.2 Тривиалды емес (2)</p>
--	---------------------------	---	---

			<p>7.3 Йә, жаңа (1) 7.4 Қолдану деңгейі кең (3) 7.5 жарияланған мақалада дәлелденген: Kazak sözlü Geleneğinde Hz. Ali Cenknâmeleri // Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi / 101 (2022): p. 169-186. DOI: 10.34189/hbv.101.007 (квартиль – Q-2, процентиль – 42). Индекс.: Scopus Arts & Humanities (1).</p> <p>5-қағидаг. Қолжазба тіліндегі түркі сөздерінің функционалдық ерекшеліктері және семантикалық сипаты анықталды. 7.1 Қағидаг дәлелденген (1). 7.2 Тривиалды емес (2) 7.3 Йә, жаңа (1) 7.4 Қолдану деңгейі кең (3) 7.5 Ия. Диссертацияның зерттеу тақырыбы бойынша жазылған мақалаларының барлығында дерлік расталған (1).</p> <p>6-қағидаг. Қолжазбаның лексикасындағы араб және парсы сөздері тақырыптық топтарға жіктелді және үлес салмағы көрсетілді. 7.1 Қағидаг дәлелденген (1). 7.2 Тривиалды емес (2) 7.3 Йә, жаңа (1) 7.4 Қолдану деңгейі кең (3) 7.5 жарияланған мақалада дәлелденген: Analysis of anthononyms in the manuscript «Qissa-yi Djenkname-yi Risale-yi Shah-I Merdan» // Bulletin of al-Farabi KazNU, Oriental Studies Series. No.2 (101) 2022. – p.52-62 (1).</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жок</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.</p>	<p>Ия. Әдістеменің таңдауы – негізделген. Зерттеу жұмысының мақсат-міндеттеріне сай салыстырмалы, тарихи-салыстырмалы, деректанулық, палеографиялық, кодикологиялық, лексика-семантикалық, графо-фонетикалық және грамматикалық талдаулар; транслитерациялау, сипаттамалық, статистикалық талдаулар; лингвостатистиканың жаппай бақылау әдістері мен топтау, жинақтау, жіктеу тәсілдері қолданылған.</p> <p>Ия. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Жұмыста ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы жүйелеу, топтау, концептуалдық тәсілдері пайдаланылды және қолжазба мәтінінің транслитерациясы жасалды.</p>

		<p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Ия. Диссертация жұмысының теориялық қорытындылары, модельдері, тұжырымдары, ұсыныстары, анықталған өзара байланыстары және заңдылықтары эксперименттік зерттеулермен, үш тілдегі мысалдарымен және ғалымдардың пікіріне сүйене отырып дәлелденген және расталған.</p> <p>Зерттеу жұмысында көрсетілген маңызды мәлімдемелер сенімді және нақты. Ғылыми әдебиеттер сілтемелермен расталған.</p> <p>Тақырыпқа сай пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті әрі нақты.</p>
9	Практикалық құндылық принципті	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып</p>	<p>Ия. Зерттеудің теориялық маңызы жоғары. Диссертацияда қолжазбаны зерттеуде, талдауда қолданылған теориялық тұжырымдар тіл тарихы, тарихи грамматика, тарихи лексикология, түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасын зерттеу ісіне өзіндік үлесін қоса алады. Зерттеліп отырған жазба ескерткіштің тілі мен қазіргі қазақ тілінің арақатынасын анықтаудың түркітанушылар үшін теориялық маңызы бар. Фонетикалық және морфологиялық ерекшеліктерге қатысты пайымдаулар жүйелі тәжірибемен дәлелденген құнды теориялық болжамдар жасауға мүмкіндік береді.</p> <p>Ия, зерттеу жұмысының практикалық маңызы бар. Алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Жұмыстың қорытындылары мен тұжырымдары, талдауға түскен тілдік материалдары салыстырмалы грамматика, лексикография салаларын дамытуға септігін тигізсе, лексикалық топтарға жасалған талдауды пәнаралық кешенді ғылымдарда қолдануға болады. Сондай-ақ, «Түркі тілдерінің тарихы», «Қазақ тілінің тарихы», «Түркі тілдерінің тарихи грамматикасы», «Шағатай тіліне кіріспе», «Деректану негіздері» сияқты пәндермен қатар жоғары оқу орындарындағы шығыстану, филология, түркітану, тарих және дінтану саласы бойынша дәрістерде пайдалануға болады.</p> <p>Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады, себебі</p>

		табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	дастанның қыпшақ нұсқасы бұрын-сонды зерттелмеген әрі салыстырмалы тілдік талдауға түспеген.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары, ізденуші ғылыми стиль ерекшеліктерін толық сақтаған, талдау өз тарапынан қорытындылаумен жалғасқан.

Докторант Кайранбаева Назым Нургельдиевнаның «8D02208-Түркітану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деген ұсыныс білдіремін.

Ресми рецензент:
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының жетекші ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты, доцент



Ауесбаева Пакизат Тенизбаевна

Ауесбаева П.Т. қолын
 растаймын к/б. аға инспекторы
 «31» 4 2022ж. Подпись